

ӘОЖ 811.512.122

Қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің лингво-статистикалық сипаттамасы

Ескендір Ж.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 4-курс студенті

Алаш зиялылары армандаған тіл – тек лексикалық тұрғыдан ғана емес, дыбыстық тұрғыдан да таза, тұнық, бірізді, бірыңғай, біртұтас тіл еді. Арада өткен тарихи тағдырымыз туралы айта беру артық, қазіргі күн сол армандардың жүзеге асатын уақыты деп есептейміз. Ол терең зерттеулермен және нақты статистикалық мәліметтермен келетін жетістік. Өйткені қазіргі қоғамда тілдік сана екіге жарылып отыр, бірі байырғы үлгілерді қолдаса, екіншілері орыс тілі арқылы енген еуропалық кескіндегі сөздерді дұрыс көреді. Ал біздің алдымызда қай жолмен жүру туралы сұрақ тұр: бабалардың ғасырлар бойы дүниенің сырларымен сырласа отырып, қалыптастырған табиғи үнімен қаламыз ба әлде кейінгі қолдан жасалған тілдік ықпалдың жетегінде кетеміз бе? Кешегі Алаш зиялыларының жан алып, жан беріскен тартысында бабалардан жеткен ғасырлар үнін жоғалтып алмау аманаты жатыр. Сондықтан, қалай» болғанда да дәстүрлі үлгіні жалғастыру дұрыс деп есептейміз және қазіргі Елбасы ұсынған «Рухани жаңғыру» идеясының мәні де осында болса керек.

Түркі тілдері бүгінгі таңда арасы ұлғайып, айырмашылықтары көбейген. Оған әсер еткен бірден бір фактор– тіл болмақ. Ол жайлы қазақ тілінің реформаторы А.Байтұрсынұлы былай дейді:«Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскенде, тіл де бұтақтанған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әр түрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат

дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған, мақсұт – сол жікті бітеп жалғау болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты қате деп қыңыр жолмен кірмей, тура жолмен келу керек», - дейді. [1, 295б.] Осыдан байқайтынымыз Ахмет Байтұрсынұлы әуел бастан-ақ кірме сөздер мен кірме дыбыстардың тілге кері әсер ететінін және түркі халықтарының жігін ажырататынын біліп ескерткен. Сол тілдердің көпшілігінде жазба тілі ерте қалыптасқандықтан, кірме сөздер тікелей, игерілмей енген. Ал қазақ тілінде жазба әдебиеті қалыптасқанға дейін, кірме сөздер тілдің заңдылығына бағынып еніп отырды. Кірме сөздерді нысанаға алып, оны заңға бағындыру аса маңызды болып табылады. Тіл маманы Л.З.Рүстемов былай дейді: «Ана тіліміздің басқа тілдермен ежелден келе жатқан қарым-қатынасын, өзге тілдерден енген сөздердің қазақ тілінен алатын орнын, мұндай элементтердің мағыналық, фонетикалық өзгерістерге ұшырау жолдарын, сондай-ақ кірме сөздердің лексикалық, семантикалық, грамматикалық және этимологиялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеп, анықтаудың маңызы айрықша зор болып отыр. Өйткені тілдік құбылыстардың бүгінгі жайын білу үшін, ең алдымен оның өткендегі күйін білу шарт; себебі мұндай көне мәліметтер жаңадан өмірге ене бастаған тілдік құбылыстарды, элементтерді анықтауды қажет етеді» [3, 7 б.]. Ал, Телжан Шонанұлы: «Тілдің неге келмеуі әр тілде әр түрлі дыбыс жолы (артикуляциялық база) болуынан. Қалық өзінің дыбыс жолына үйлестіріп, тілін келтіріп шет сөз алады. Тілі келмейтін газеттегі шет сөзден қалыққа зияннан басқа пайда жоқ: қат танып, тілін ұстартуға бөгет», - дейді. [2, 18-19б.] Яғни, халықтың дыбыс жолына лайықтап кірме сөзді алудың маңызы зор. Пән сөздері қалыптаса бастағанның өзінде өз тілінен алуға тырысты. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды».[1, 413б.]

Қазақ тілінің қалыптасуына араб-парсы элементтерінің де орны ерекше болды. Ол кірме сөздер қазақ тілінің тілдік заңдылықтарына бағынып отырды. Қазақ тіліндегі парсы сөздерін тереңірек зерттеп, тілдік ерекшеліктерін айқындап берген ғалым Н.Оңдасынов болатын. Н.Оңдасынов: «Ишан, намаз, ораза, пайғамбар, Құдай сияқты кейбір діни сөздер болмаса, қазақ тіліне енген парсы сөздері көбінесе шаруашылыққа, әсіресе егін, су шаруашылығына, бау-бақшаға, сауда-саттық, құрылыс істеріне, тұрмыстық салт-сана, әдебиет пен өнерге байланысты болып келеді», - дейді [4, 4 б.]. Олардың барлығы қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкес қалыптасқан.

Енді қазіргі тіліміздің кескін-келбетіне көз жіберіп байқайық. 2011 жылғы Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде 92300 сөз, 57856 сөз тіркесі, 150156 лексикалық бірлік және 166000-нан астам сөздің мағынасы ашылған. Ал 14 желтоқсанда Егемен Қазақстан газетінің ресми сайтында онда 92201 сөз, 57856 сөз тіркесі, 150057 лексикалық бірлік және 166612 мағынасы ашылған сөздер саны көрсетілген. Осы мәліметтердегі сәйкессіздік сөздер саны мен мағынасы ашылған сөздер санын нақтылай түсудің қажет ететінін көрсетеді. Біз Қазақ әдеби тілі сөздігінің он бесінші томында көрсетілген сөздердің санын негізге алдық. Көп томдық сөздікте кірме сөздер тік жақшамен және сол тілдің әліпбиіндегі аудармасы көрсетілген. Бір немесе бірнеше кірме сөздердің омонимдерін де ескеріп, санаққа қостық. Кірме сөздер тілімізге Еуропа және Азия елдерінің тілінен ауысқан. Еуропа тілдерінен енген сөздердің басым көпшілігі орыс тілі арқылы енген. Оларға: грек, латын, ағылшын, неміс, орыс, француз, итальян, голланд, поляк, португал, испан, санскрит, скандинав, фин, румын, норвег, швед, малай, еврей, исланд, чеш, эсп. тілі, перуан (ресми тілі - испан тілі), эфиоп тілі, кельт тілі, грузин тілі, поляк тілі, т.б. Ал Азия елдері арқылы - араб тілі, иран (парсы тілі), монғол, түрік, жапон, қырғыз, татар, тибет, перс. тілі, ұйғыр тілі, манжұр тілі, т.б. Одан басқа лопар тілі, бретон тілі, египет (араб тілі), африка (тілдері) және тілі белгісіз кірме сөздер де бар. Барлық кірме сөздер 43 тілден енген. Жалпы кірме сөздердің саны – 8000-ға жуық. Ол сөздер халқымыздың күнделікті тұрмысында, өнеркәсіп шаруашылық орындарында және ғылым-білім салаларында қолданылып жүр. Кейбір сөздер тіліміздің заңдылығына

бағындырылып игерілген, кейбірі игеруді қажет етпейді және көпшілігі мүлдем бағынбайды. Игерілген сөздердің басым көпшілігі тілімізде жазба әдебиеті пайда болғанға дейін енген. Оған мына тілдерден енген сөздер жатады: араб, парсы және орыс тілдері. Араб тілінен сөздер дін арқылы енсе, ал парсы тілінің сөздері ертеден халықтардың бір-бірімен араласуымен енген. Ал орыс тілінен игеріліп енген сөздер халық арасындағы сауда-экономикалық және саяси байланыстың нәтижесінде болған. Игерілмеген сөздер тіліміздің заңдылықтарына қарама-қайшы келетін, үндестік заңына мүлдем бағынбайтын және тілімізде жоқ дыбыстармен келеді. Ол сөздер тілімізге Кеңес үкіметінің 1939 жылы латын графикасынан кириллица графигіне ауыстыруынан басталады. Тілімізде жоқ кірме дыбыстарды пайдаланып, Еуропа тілдерінен жаңа сөздер - орыс тілі арқылы енеді. Әлі күнге дейін барлық жаңа сөздер солай еніп келе жатыр.

Қазақ тілі әуел баста түркі тілдерінен бөлінгеннен кейін өзінің таза қапын сақтаған тіл болатын. Ол жайлы қазақ тілінің реформаторы А.Байтұрсынұлы былай дейді:

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігіндегі кірме сөздерді теріп, санап және жіктеу барысында оларды игерілген сөздер, игерілмеген сөздер және дыбыстық нұсқасы сәйкес сөздер деп үш жікке бөлдік [5]. Оны мына шарттар бойынша қарастырдық:

- 1) кірме дыбыстардың сөз құрамында кездесуіне байланысты;
- 2) тіліміздің үндестік заңына бағынуына байланысты;
- 3) дыбыстардың заңдылық бойынша сөз құрамындағы орнына байланысты.

1 кестеде кірме сөздерді жіктеудің мысалдары көрсетілген:

1 кесте

Р/с	Зерттеу шарттары Тілдер	Игерілген сөздер	Игерілмеген сөздер	Дыбыстық нұсқасы сәйкес сөздер
1.	Араб және парсы тілі арқылы енген сөздер	Алқа, абат, аман, амал, астана, әсер, әдебиет, әйел, бата, бұғаз, бақша, дауа, дорба, жұма, жігер, зікір, қайсар, қала т.б.	Алгебра, алкоголь, ажүн, араб, афган, эман, бәрһам, ғәлтек, бихұш, дәфін, диван, инкар, ифрит, зухд, кинжал, минарет, nach, т.б.	
2.	Еуропа тілдері арқылы енген сөздер	Күртке, мәшине, үстел, үтік, шенеунік, шот, тәшке, тәрелке, сетке, кінәз, керует, күпәйке, жәшік, жандарал, бөшке, бәнкi, т.б.	Арена, архив, актер, айсберг, аллитерация, бойлер, вакцина, карбон, камаз, клизма, кафе, персонаж, планшет т.б.	Арматура, аблаут, алло, азот, артроз, анонс, душ, драп, геркулес, доза, лотос, клеймс, клип, интернет, т.б.

Ал 2-кестеде «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» барлық кірме сөздер саны анықталып, зерттеу шарттарына сәйкес, статистикалық көрсеткіші берілген:

2 кесте


Р/с	Зерттеу шарттары Тілдер	Жалпы саны	Игерілген сөздер	Игерілмеген сөздер	Дыбыстық нұсқасы сәйкес сөздер
1.	Грек	1930	-	1800	130

2.	Латын	1684	4	1490	190
3.	Араб	1425	1220	205	-
4.	Француз	912	2	750	160
5.	Парсы	590	550	40	-
6.	Ағылшын	563	3	450	110
7.	Неміс	361	1	310	50
8.	Орыс	315	120	165	30
9.	Итальян	171	1	145	30
10.	Голланд	61	1	40	20
11.	Испан	45	-	35	10
12.	Поляк	12	1	10	1
13.	Санскрит	8	-	5	3
14.	Португал	7	-	7	-
15.	Скандинав	5	-	3	2
16.	Фин.	4	-	1	3
17.	Румын	4	-	1	3
18.	Малай	4	-	4	-
19.	Венгр	4	-	3	1
20.	Швед	4	-	4	-
21.	Норвег	3	-	2	1
22.	Монғол	3	3	-	-
23.	Түрік	3	1	2	-
24.	Жапон	3	-	2	1
25.	Еврей	2	-	2	-
26.	Исланд.	2	-	-	2
27.	Чеш.	2	-	1	1
28.	Эсп.	2	-	1	1
29.	Африка	1	-	1	-
30.	Қырғыз	1	-	1	-
31.	Татар	1	1	-	-
32.	Эфиоп	1	-	1	-
33.	Кельт	1	-	1	-
34.	Тибет	1	-	-	1
35.	Сингал.	1	-	-	1
36.	Перс.	1	-	1	-
37.	Грузин	1	-	-	1
38.	Лопар	1	-	-	1
39.	Ұйғыр	1	1	-	-
40.	Бретон.	1	-	1	-
41.	Египет	1	-	-	1
42.	Манжур	1	1	-	-
43.	Преуан.	1	-	-	1
44.	Тілі белгісіз	18	-	16	2
	Барлығы	8162	1910 – 23,4%	5500 – -67,3%	757 – -9,3%

Кестеден көріп отырғанымыздай тілімізде грек, латын, араб, француз, тағы басқа тілдерден кірме сөздер енген. Сөздікте қай тілге тән екені көрсетілмей, тек тік жақшада транскрипциясы берілген сөздерді тобы «тілі белгісіз» деп берілді. Еуропа тілдерінің барлығы дерлік белгілі бір салада жұмсалып жүр. Ол сөздер өздерінің асыл нұсқасынан емес,

орыс тілінің заңдарына сай игеріліп келіп енгендер. Мысалы: ателье – atelier, баланит – balanos, иллюзия - illusio, квота – quota, т.б. Сондықтан ол сөздердің тіліміздің заңдарына сәйкес игерілмеуі күрделі мәселе екені рас. Ғылым мен техниканың, жаңа технологиялардың және экономикалық дамудың мүлде жаңа бағытқа бет бұруының нәтижесінде тілімізге еніп жатқан сөздердің қарқыны жыл өткен сайын үдей түсетіні белгілі. Егер игерусіз кете берсе, алысқа бармай-ақ ширек ғасырдың көлемінде қазақ тілінің болашағына қауіп төнуі әбден мүмкін. «Игерілген» деп жүрген сөздеріміздің негізгі бөлігі араб және парсы тілдерінен, оның өзі жазуға бағындырылмай тұрған кезде болған. Ал қазіргі кезде кіріп жатқан діни лексиканың көпшілігі бар сөздердің орнына қолданысқа кіріп алған *халал, харам, ясту, намдат (намаз уақыты)* т.б. варваризмдер демеске болмайды. Орыс тілінен енген игерілген сөздер Кеңес үкіметі орнағанға дейін халық арасындағы байланыстың нәтижесінде тіліміздің заңдарына бағындырылып, ауызекі сөйлеуде қолданылып келген сөздер. Дыбыстық нұсқасы сәйкес сөздер немесе игеруді қажет етпейтін сөздер тіліміздің заңдарына толықтай бағынып, нормасын бұзбай тұр. Ондай сөздерді игерудің қажеті жоқ деп есептейміз. Бұл статистиканы шығару үшін көп томдық сөздіктегі барлық кірме сөздерді теріп, олардың сөздіктегі томын және беттерін көрсетіп, картографиясын жасадық [6]. Сөздік қорымыздағы кірме сөздердің санын 1 диаграммада, ал зерттеу шарттарын 2 диаграммада ұсынылады:

1 диаграмма



2 диаграмма



Түркі тілдерінен бөлініп шығып, өзінің табиғи заңдары негізінде дамып, бүгінгі күнге жеткен қазақ тілінің әлі де шешілмеген үлкен мәселелері бар. Соның бірі – кірме сөздер. Игеру заңы барлық тілдерге ортақ. Тілдер тарихына көз жібергенде, дербестігі бар тілдердің еркінше дамып, ал еркіндігі жоқ тілдердің түрлі қиындықтарды басынан кешіретінін байқап отырмыз, екіншіден ғылым-білімі барынша дамыған тілдердің даму қарқыны да жоғары. Осы екі мәселеге байланысты сырттан енген кірме сөздер жергілікті халық тіліне өз заңын орнатады. Мысалы, кеңестік идеологияның құрсауында болған көптеген түркі тілдері осы қиындықтан зардап шекті. Осы тәжірибелерді ескере отырып, тілдің бүгінгі және келешектегі дамуына байланысты мынадай ұсыныстар айтқымыз келеді:

1. Сырттан енген сөздерді қабылдағанда құрамындағы бөтен дыбыстарды ауыстыратын өз тілімізге тән таңбалар айқындалуы тиіс. Әліпби артық дыбыстардан тазартылып, төл дыбыстармен ғана құрылса, кірме сөздерді игеру қабілеті артады.

2. Кірме сөздерді игерудің оңтайлы тетіктері жасалуы тиіс, ол емле ежесінде қаралады. Кірме дыбыстардың әрқайсысына жеке ереже жасау да мәселені қиындатады. Бұл орайда ондай жауапты құжаттар Алаш зиялыларының еңбектеріне негізделсе, тарихи тегіне жақын әрі дәстүрлі үлгілерді жаңғыртар едік. Сол ережелермен сөздіктегі барлық кірме сөздерді игеріп, жылда пайда болатын жаңа сөздер қазақ тілінің заңдарына сай қолданысқа беріледі.

3. Қазіргі заманауи адамдар кез келген қазақ тілінің сөздерін сөздіктен емес, интернеттен іздейді. Сондықтан көп томдық түсіндірме сөздік үлгісінде Мемлекеттік тіл танымдық порталын ашып, толығымен цифрландыру керек. Әр сөздің беретін барлық мағыналарымен қоса аудио, сурет және бейне материалдарын енгізілсе.

4. Кейбір кірме сөздерді игеру қиынға соқса, көне түркі тілінің немесе қазақ тілінің көнерген сөздерінің мағынасын жаңартып немесе кеңейтіп кірме сөздердің орнына қолдануға болады. Мысалы, «зайыр» сөзінің көне мағынасы – анық, айқын, ашық болған, ал қазір оған сын есім тудырушы «лы» жұрнағы жалғанып, «зайырлы мемлекет», «зайырлы ел» - жарқын мемлекет, тәуелсіз мемлекет мағынасында жаңарған. Ол ұмытылып бара жатқан сөздерді жаңартып, дамытуға сеп болады.

XXI ғасырдағы заманауи технологиялар дамыған жаһандану заманында еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі жылдан-жылға лексикалық қоры жаңа сөздерге толып, дамып жатыр. Кірме сөздер вирус секілді, тілді біртіндеп бұзып, жояды. Оған антивирус, яғни кірме сөздерді туған тілдің заңдарына сай игеруді жүзеге асырып отыратын ережелер болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы, Алматы 1992.
2. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы 2013.
3. Л.З.Рүстемов Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері, Алматы 1982.
4. Н.Оңдасынов Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік, Алматы 1974.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 1-15 том, Алматы 2011.
6. Төрекұлұлы Нәзір. Жат сөздер туралы.(кітапша). – Мәскеу, 1926. -38 бет.